

**"2020-2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы"
Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 шілдедегі №149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 68 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 4918 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2020 - 2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 шілдедегі №149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4667 болып тіркелген , 2020 жылдың 7 шілдесінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Жылқыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2021 жылғы 18 наурыздағы
№ 68 қаулысына қосымша
Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы 1 шілдедегі
№ 149 қаулысына 2 қосымша

2020-2021 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін (Резидентура)			Барлығы	Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)
					Ұлттық жоғары оқу орындарында
1	7 R 0 9 Денсаулық сақтау (медицина)	7R091 Денсаулық сақтау	R017 "Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы"	3	1200000
			R031 "Неонатология"	3	1200000
			R032 "Акушерия және гинекология, оның ішінде балалар гинекологиясы"	3	1200000
			R037 Неврология, оның ішінде балалар неврологиясы	3	1200000
	Барлығы			12	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК